

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы  
Тарбағатай ауданы бойынша «Балауса -Балғын» бөбекжайы»  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның  
ЖАРҒЫСЫ

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Балауса-Балғын» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорынның құрылтайшысы «Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Жергілікті атқарушы орган) болып табылады.
3. Кәсіпорынның мүлікіне қатысты субъектісінің құқығын, мемлекеттік меншік құқығын "Шығыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.
4. Кәсіпорынның жалпы басқаруды жүзеге асыратын орган Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі Білім беруді басқару органы) болып табылады.
5. Кәсіпорынның атауы: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы «Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Балауса -Балғын» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.
6. Кәсіпорынның орналасқан жері: 071501, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылдық округі, Ақжар ауылы, көшесі Шәкәрім, үй 5.

**2-тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі.**

7. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.
8. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.
9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

10. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

### **3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары**

11. Кәсіпорын қызметінің мәні – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында білім беру қызметін жүзеге асырады.

1) Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт негізінде білім беру қызметін жүзеге асыру, Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын және осы Жарғыны бекіту туралы;

2) мектепке дейінгі Кәсіпорында келісім-шарт негізінде балалар толық және жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтың қызметін ұйымдастыру;

12. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (занды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беруге қажеттілігі бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту төмендегідей қарастырылған:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жас топтарында (үш тәрбиеленушіден артық емес);

2) тәрбие мен оқытудың арнайы оқу бағдарламасы бойынша бұзылыс түрлері негізіндегі арнайы топтарда.

Топта ерекше білім беруге қажеттілігі бар тәрбиеленушілер болған жағдайда топтарды жинақтау осындай бір тәрбиеленушіге тәрбиеленушілердің жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

3) мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын оқыту мен тәрбиелеу, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың дамуы мен әлеуметтік бейімделуін түзету, дамыту, оның ішінде тәрбиеленушілерге инклюзивті білім беруді жүзеге асыру бойынша қызметтердің көлемін орындау;

4) Мектеп жасына дейінгі балалар үшін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мемлекеттік жалпы білім беру стандарты талаптарынан асатын ақылы қызметтер көрсету туралы келісім шарт жасай отырып, ақылы негізде қызметтер ұсыну»

5) Кәсіпорында тұрақты медициналық қызмет көрсетуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, денсаулық сақтау ұйымдарына сәйкес мектепке дейінгі ұйым штатына енгізілген медициналық жұмысшы қамтамасыз етеді;



б) мектепалды даярлық мемлекеттік тапсырыс, сондай-ақ шарттық негізде жүзеге асырылады;

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты – отбасының балаларды күтудегі сұраныстары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды жалпы мәдени, ұлттық құндылықтар негізінде үйлесімді дамыту, баланы жалпы орта білім берудің бастапқы кезеңіне дайындау.

- 1) баланың жан-жақты дамуы үшін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 2) тұлғаны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптастыру және дамыту;
- 3) балалардың денсаулығын нығайту. ✓

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) мектепке дейінгі жастағы балалардың дене және психикалық денсаулықтарын сақтау және нығайту, салауатты өмір салты құндылықтарына баулу;

2) білім беру бағдарламаларын игеру үшін жағдайлар жасау;

3) тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамытуға жағдай жасау жолымен зияткерлікті байыту;

4) мемлекеттік, орыс тілдерін меңгеру;

5) азаматтылық пен патриотизмді, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікті, мемлекеттік нышандарға құрметті, халықтық дәстүрлерді қастерлеуді, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзімсіздікті тәрбиелеу;

6) ата-аналарға немесе оларды алмастыратын тұлғаларға, үйінде мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларына әдістемелік, диагностикалық және кеңес беру көмектерін ұйымдастыру;

7) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен тәрбие мен оқытуға кешенді (клиникалық-физиологиялық, психологиялық-педагогикалық) көзқарас, түзету қызметі;

15. Кәсіпорын кәсіпорынды құру міндеттеріне жауап бермейтін қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

16. Кәсіпорынның білім беру қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарты негізінде әзірленген бағдарламалар мен оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Кәсіпорын мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты негізінде ата-аналардың сұраныстарын, отбасы мен өзге де ұйымдардың қажеттіліктерін, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму және ұлттық-мәдени дәстүрлердің ерекшеліктерін ескере отырып, өз қызметінің бағдарламасын дербес әзірлей алады.

18. Білім беру үрдісі мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде жүргізіледі.

19. Тәрбиеленушілердің ұйымдастырылған оқу іс әрекеті Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының базистік оқу жоспарына сәйкес, санитарлық нормалар мен ережелердің талаптарына, Кәсіпорындағы түрлі топтардың: мектепке дейінгі топтардың, мектепке дейінгі түзеу топтарының, түнде болатын топтардың жұмыс кестесіне сәйкес белгіленеді.

20. Білім беру үрдісін ұйымдастыру ұйымдастырылған оқу іс әрекеті (сабақтар) кестесімен регламенттеледі.

1) Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

2) Кәсіпорында балалардың болуы 5 күндік, 10,5 (он жарым сағаттық) уақытпен белгіленген таңғы сағат 08.00-18:30-ге дейін. Ата-аналардың сұранысы бойынша кезекші топ қарастырылады. Сенбі және жексенбі – демалыс күндері.

3) Кәсіпорын балалармен жұмысты бүкіл күнтізбелік жыл бойы қамтамасыз етеді. Оқу жылы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде басталып, келесі жылдың 31 мамырында аяқталады. 1 маусым мен 31 тамыз аралығында сауықтыру кезеңі. Мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан босату жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады. Тәрбиеленушілерді 1 жас тобынан басқа топқа ауыстыру ағымдағы жылдың 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

4) ерекшелігі бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің (сабақтардың) ұзақтылығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес белгіленеді. Үзілістердің ұзақтылығы санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес белгіленеді.

5) Кәсіпорынның педагогикалық қызметкерлеріне арналған апталық оқу жүктемесі Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

21. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құқықтық құжаттарына сәйкес эксперимент бойынша жұмыс істеуге құқылы.

22. Ақылы қызметтерді Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұсынады.

23. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәнімен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

24. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппараты, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.



#### 4-тарау. Кәсіпорынды басқару

25. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорындары құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды.

2) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына, дебиторлық берешекті аударуға және есептен шығаруға келісім береді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзіретіне қатысты басқа мәселелерді шешеді;

26. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Жергілікті атқарушы органның атынан Кәсіпорынға қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

2) білім беруді басқару органы ұсыныс бойынша Кәсіпорынның мәні мен міндеттерін анықтайды, Жарғыны, оған өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

4) келісілгендей білім беруді басқару органы Кәсіпорынға берілген немесе өзінің шаруашылық қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкін мақсатты және тиімді пайдалануды бақылайды;

6) мемлекеттік меншіктің мақсатты пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған Кәсіпорынның артық, пайдаланылмаған немесе мақсатсыз пайдаланылған мүлкіне тыйым салуды Білім беруді басқару органымен келісусіз бақылау күнінен бастап алты ай өткеннен кейін жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынға тәркіленген мүлікті басқа тұлғаға бергенге дейін, кейін оны теңгерімнен шығарғанға дейін оның сақталуын қамтамасыз ету үшін мерзімдерді белгілейді;

8) Кәсіпорынға өзіне бекітілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе басқаруға (оның өнімдерін сатуды қоспағанда) келісім береді;

9) Кәсіпорын мүлкін пайдалануға, оның ішінде оны кепілге беруге, жалдауға, ақысыз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға шешімдер қабылдайды;

10) Кәсіпорынның жұмысы мен басқару тиімділігін ұйымдастырады және бақылайды;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзіретіне қатысты басқа мәселелерді шешеді.

27. Білім беруді басқару органы:

1) Қызметтің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) қажетті көлемін анықтайды;

2) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорынның мәні мен мақсатын анықтау туралы ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның дамыту жоспарларын және олардың орындалуы туралы есептерді қарастырады, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуын және Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылайды;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

6) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорынға берілген немесе өзінің жеке шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

7) Кәсіпорынды басқарады;

8) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есебін бекітеді;

9) Жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастырады және таратады;

10) Таза табыстың белгіленген бөлігін Кәсіпорынның жергілікті бюджетке аударуының толықтығы мен уақтылығын бақылайды;

11) Кәсіпорын басшысының ұсынысы бойынша оның бас есепшісін қызметке тағайындайды және босатады;

12) Жыл сайын Кәсіпорынның жалақы қорының мөлшерін белгілейді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған басқа мәселелерді шешеді.

28. Кәсіпорынды тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады.

29. Білім беруді басқару органы Кәсіпорын басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.

30. Кәсіпорын басшысы бір адамдық басқару принциптері бойынша әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалған оның құзыретіне сәйкес Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

31. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық жұмыскерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Білім беруді басқару органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы жұмыскерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі мен тиімділігі таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін.

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асыруға жауапты.

32. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша банкрот және оңалту басқарушысы Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер сәйкесінше уақытша, банкрот немесе оңалту басқарушысына өтеді.

### **5-тарау. Кәсіпорынның мүлкі**

33. Кәсіпорынның мүлкіне кәсіпорынның активтері кіреді, олардың құны оның балансында көрсетіледі.

34. Кәсіпорын мүлкі бөлінбейді және оны жарналар бойынша (жарғылық капиталға қатысу үлестері, акциялар), оның ішінде Кәсіпорын жұмыскерлері арасында бөлу мүмкін емес.

35. Кәсіпорынның мүлкі есебінен қалыптасады:

1) оған меншік иесі берген мүлктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

36. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

37. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

38. Жедел басқаруда мүлкті пайдаланудың өндірілген өніммен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

39. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлкті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.



40. Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу - сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде мүліктерді иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

41. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу (жедел басқару) құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының баптарына көзделген жағдайларда тоқтатылады.

42. Кәсіпорын жедел басқару құқығында осы Жарғының 40 - тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

43. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

44. Осы Жарғының 43-тармағында көрсетілген мүліктік шарттардан түскен ақшаны жергілікті атқарушы орган пайдаланады.

#### **6-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру.**

45. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

46. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

47. Кәсіпорын өзі өндірген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) дербес өткізеді.

48. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағаларын Білім беруді басқару органы белгілейді.

49. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

#### **7 –тарау. Кәсіпорынның Жарғылық капиталы**

50. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру, басқару үшін Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган ұсынған мүлік есебінен құрылады.



### **8-тарау. Кәсіпорынның есепке алу мен есептілігі.**

51. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылықтың есептіліктің Білім беруді басқару органының (немесе Жергілікті органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) келісімі бойынша халықаралық стандарттарына (шаруашылық жүргізу құқығындағы) және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына (жедел басқару құқығындағы) сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

52. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

### **9-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі.**

53. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүлікін алып қоюға жол берілмейді.

54. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған жағдайда әкімшілік-аумақтық бірлік өз міндеттемелері бойынша облыстық бюджет есебінен субсидиарлық жауаптылықта болады.

### **10-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу.**

55. Кәсіпорынның жалақы қорының мөлшерін жыл сайын Білім беруді басқару органы белгілейді.

56. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгілейді»

### **11-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

57. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

58. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

### **12-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

59. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Жергілікті атқару органының шешімі бойынша жүргізіледі.

60. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

61. Кәсіпорынды қайта құруды және таратуды Білім беруді басқару органы жүзеге асырады.

62. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

63. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

### **13-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

64. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органның ұсынымы бойынша, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

**«Балауса-Балғын» бөбекжайы» коммуналдық  
мемлекеттік қазыналық  
кәсіпорнының меңгерушісі**



**А. Ш. Кусайнова**

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШЫҒЫС  
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ТІРКЕУ ЖӘНЕ  
ЖЕР КАДАСТРЫ БОЙЫНША ТАРБАҒАТАЙ АУДАНЫНЫҢ БӨЛІМІ

2023 ж. «27» маусым жүргізілді  
БСН 101040005493  
2010 ж. «08» қазан  
Алғашқы тіркелген күні  
ӨМТН - 1917 10-НАО/23-6

«Шығыс Қазақстан облысының  
қаржы басқармасының» ММ

2023 жылғы «10» 03

№ Т-113 (к)

бұйрығымен бекітілді

**«Шығыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 21 қазандағы № П-538 (к) бұйрығымен бекітілген Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Балауса-Балғын» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысына енгізілген өзгерістер мәтіні**

**3 - тарау Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаты**

11 - тармақтың 1) 2) тармақшалары алынып тасталсын.

11 - тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Кәсіпорын қызметінің мәні Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласындағы білім беру қызметін жүзеге асыру, балаларды қарау, күту және сауықтыру болып табылады;

12 - тармақтың 1) 2) 3) 4) 5) 6) тармақшалары алынып тасталсын.

12 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамытудың және жетілдірудің бірлігі қағидасын ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету; әрбір баланың бейімділігін, икемділігін, қабілеттерін, дарындылығын іске асыруға бағдарлау және оны даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке көзқарас негізінде бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын игеруге дайындау болып табылады»;

13 – тармақтың 1) 2) 3) тармақшалары алынып тасталынсын;

13 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Қойылған мақсатты іске асыру үшін кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: мектепке дейінгі білім беру».

14 – тармақтың 1) 2) 3) 4) 5) 6) 7) тармақшалары алынып тасталынсын;

14 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Кәсіпорынның басым міндеттері:

1) Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес 1 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға мектепке дейінгі білім беру;

2) тәрбиеленушілердің дене, психикалық денсаулығын қорғауды және нығайтуды қамтамасыз ету, салауатты өмір салты құндылықтарына баулу;

3) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

4) сапалы мектепалды даярлықпен қамтамасыз ету;



5) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;

6) ата-аналарға/заңды өкілдерге тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты жақсарту мәселелері бойынша консультациялық және әдістемелік көмек көрсету;

7) азаматтыққа және патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеу.

8) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына және Шартқа сәйкес балаларды теңгерімді тамақтанумен қамтамасыз ету.

9) балаларды мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына және Шартқа сәйкес ағымдағы медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету.

15 – тармақ мынадай редакцияда жазылсын;

«15. Кәсіпорын балаларды қабылдау және шығаруды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады».

19. тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Тәрбиеленушілердің ұйымдастырылған оқу қызметінің (сабақтарының) түрлерін бөлу Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының базистік оқу жоспарына, Санитариялық нормалар мен қағидалардың талаптарына, мектепке дейінгі топтардың жұмыс кестелеріне сәйкес белгіленеді».

22 - тармақ алынып тасталынсын.

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Балауса-Балғын» бөбекжайы» КМҚК меңгерушісі**

**Г.Шагиева**

**Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімі» ММ басшысы**

**С.Дауытбаева**

**Келісілді:  
«Шығыс Қазақстан облысы бойынша білім басқармасы» ММ басшысы**

**И.Чернышёва**



Утвержден приказом  
ГУ «Управление финансов  
Восточно-Казахстанской области»  
от «10» 03 2023 года  
№ П - 113 (к)

**Текст внесенных изменений**  
в Устав коммунального государственного казённого предприятия  
«Ясли-сад «Балауса-Балғын» отдела образования по району Тарбагатайский  
Управления образования Восточно-Казахстанской области, утвержденного  
приказом ГУ «Управление финансов Восточно Казахстанской области»  
от 21 октября 2021 года № П-538 (к)

**Глава 3 Предмет и цели деятельности Предприятия**

исключить подпункты 1) 2) пункта 11

пункт 11 изложить в следующей редакции:

«11. Предметом деятельности Предприятия является осуществление образовательной деятельности в области дошкольного воспитания и образования, присмотр, уход и оздоровление детей в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан».

исключить подпункты 1) 2) 3) 4) 5) 6) пункта 12

пункт 12 изложить в следующей редакции:

«12. Целью деятельности Предприятия являются обеспечение преемственности и непрерывности дошкольного и начального образования с учетом принципа единства воспитания, обучения, развития и оздоровления детей; ориентация на реализацию задатков, наклонностей, способностей, дарований каждого ребенка и подготовку его к освоению образовательной программы начального образования на основе индивидуального подхода с учетом особенностей развития и состояния здоровья».

исключить подпункты 1) 2) 3) пункта 13

пункт 13 изложить в следующей редакции:

«13. Для реализации поставленной цели Предприятие осуществляет следующие виды деятельности: Дошкольное образование».

исключить подпункты 1) 2) 3) 4) 5) 6) 7) 8) пункта 14

пункт 14 изложить в следующей редакции:

«14. Основными задачами Предприятия являются:

- 1) дошкольное образование детей в возрасте от 1 лет до 5 лет, согласно Государственному общеобязательному стандарту дошкольного образования;
- 2) обеспечение охраны и укрепление физического, психического здоровья воспитанников, приобщение к ценностям здорового образа жизни;



- 3) создание оптимальных условий, обеспечивающих физическое, интеллектуальное и личностное развитие воспитанников, в том числе с особыми образовательными потребностями и индивидуальными возможностями;
- 4) обеспечение качественной дошкольной подготовкой;
- 5) взаимодействие с семьей для обеспечения полноценного развития воспитанника;
